

2010 жылдың шақыру участкесіне 1993 жылғы тұған ерек жынысты азаматтардың тіркеуін үйімдастыру және қамтамасыз ету туралы

Костанай облысы Қарасу ауданы әкімінің 2009 жылғы 20 желтоқсандағы № 8 шешімі. Костанай облысы Қарасу ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 6 қаңтарда № 9-13-100 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 33-бабының 1-тармағының 13) тармақшасына, "Әскери міндептілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 17-бабына сәйкес Қарасу ауданының әкімі ШЕШТІ:

1. 2010 жылдың қаңтардан бастап наурызға дейін "Костанай облысы Қарасу ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің шақыру участкесіне аудан аумағындағы 1993 жылғы тұған ерек жынысты азаматтардың тіркеуі үйімдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Қарасу ауылдарда шақыру пункті үйімдастырылсын.

3. Костанай облысы әкімдігі Денсаулық сақтау басқармасы "Қарасу аудандық ауруханасы" (келісім бойынша) мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының бас дәрігері "Костанай облысы Қарасу ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесімен бірлесіп тіркеу жөніндегі іс-шараларды қамтамасыз етуін үснис .

4. Ауылдар мен ауылдық округтердің әкімдері:

1) тіркеуді өту үшін комиссияға азаматтардың келуін қамтамасыз етсін;
2) азаматтарды шақыру участкесіне жеткізу үшін ілесіп жүретін адамдарды берсін, тасымалдаған кезде жазатайым оқиғаларды болдырмау үшін шаралар қолдансын.

5. "Қарасу ауданы әкімдігінің қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі шақыру участкелеріне азаматтардың тіркеуімен байланысты іс-шараларды қаржыландыруы "Костанай облысы Қарасу ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің шығыстар сметасында қарастырылған қаржы бөлу есебінен жүзеге асырсын .

6. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.Қ. Бекеновке жүктелсін .

7. Осы шешім оны алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарасу ауданының әкімі

Қ. Ахметов

КЕЛІСІЛДІ:

"Костанай облысы Қарасу ауданының
корғаныс істері жөніндегі бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің бастығы
----- A. Мұқашев

20.12.2009

"Қарасу ауданының әкімдігінің бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің бастығы
----- И. Горлова

20.12.2009

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК